КАРАТӨБЕ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ КАРАТОБИНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

2026 жылғы 18 ақпан

Қаратөбе қ.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 29

г. Каратобе

Аудан аумағында төтенше жағдайға қарсы әрекет ету және төтенше жағдайлардың зардаптарын жою бойынша бірінші кезектегі шараларды қабылдауға арналған материалдық құндылықтар қорын қалыптастыру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңын басшылыққа ала отырып,аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2026 жылғы 16 қаңтардағы №1 хаттамасы негізінде Қаратөбе ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық экономика және қаржы бөлімі жергілікті атқарушы органдардың басқа да кезек күттірмейтін шығындарға жұмсауға қарастырылған резервінен өңірлер аумақтарында төтенше жағдайларға қарсы тұру инфрақұрылымдарын дамыту, соның ішінде төтенше жағдайлар салдарын жою кезінде қыс және көктем мезгілдерінде (су тасқыны, далалық жанулар, өрт) бірінші кезектегі шараларды жүргізуге арналған материалдық құндылықтар қорын құру бойынша шараларды қамтамасыз ету үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес қаражат бөлінсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

Аудан әкімі **Қ.Сүйеуғалиев**

000588

Аудан әкімдігінің 2026 жылғы «4» ақпандағы №4 қаулысына қосымша

Қаратөбе ауданы аумағындағы төтенше жағдайға қарсы әрекет ету және төтенше жағдайлардың зардаптарын жою бойынша бірінші кезектегі шараларды қабылдауға арналған материалдық құндылықтарының қорларын, жұмылдыру қорларын жеткілікті мөлшерде құру мақсатында жанар-жағар май және қажет материалдар тізімі

№	Құрал-жабдықтар атауы	саны	Құрал-жабдықтар құны(мың теңге)
1	Жанар-жағар май (бензин)	3000 литр	780,0
2	Жанар-жағар май (дизель)	4000 литр	2600,0
3	Рация	12	300,0
4	Қапшық сыйымдылығы 600 кг	1000	700,0
5	Қапшық сыйымдылығы 50 кг	8000	800,0
6	Мотопомпаларды жөндеу	29	600,0
7	Канистра	10	300,0
Барлығы:			6080,0